

Бұқар жырау аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы 36 сессиясының № 8 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 сәуірде № 5276 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы", 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

Бұқар жырау аудандық мәслихатының 11 сессиясының 2009 жылғы 14 қаңтардағы № 4 "Бұқар жырау ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-11-69 болып тіркелген, 2009 жылғы 14 ақпанда № 6 "Сарыарқа" газетінде жарияланған) шешімі;

Бұқар жырау аудандық мәслихатының 39 сессиясының 2011 жылғы 13 сәуірде № 5 "Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 14 қаңтардағы 11 сессиясының " Бұқар жырау ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" №4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-11-114 болып тіркелген, 2011 жылғы 4 маусымда № 22 "Сарыарқа" газетінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Г. Хомутова
А. Әли*